

Германиядан радиометрикалық конвейерлік өлшеуіш әкелуге рұқсат алу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 6 маусым N 266

1. "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың /жұмыстар, қызмет көрсетулер/ экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 Р960298_ қаулысына сәйкес "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамына Германиядан Қазақстан Республикасына 1995 жылғы 27 желтоқсандағы N 95/12 контрактіге сәйкес Со 60/СЭҚ ТН код 2844 40.000/жиынтық белсенділігі 12 милликюрлік сәулеленудің екі өзектік көзін қосатын 2 дана радиометрикалық конвейерлік өлшеуіш әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі

белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттікке жүктелсін.

Премьер-министрдің
орынбасары